

Білгенге

маржан

Біз сенімен біргеміз!



Егер сіз немесе сіздің
жақындарыңыз деструктивті
діни ағымдардың әрекетінен
зардап шексе, көмекке жүгіну үшін
Абай облысы Семей қаласының
Дін мәселелерін зерттеу
орталығына хабарласа аласыз!
Мекен-жайымыз: Абай облысы,
Семей қаласы, Мәңгілік ел көш., 9
6 қабат, каб. 604
Телефон: 8 (705) 500 4919




АБАЙ ОБЛЫСЫ, СЕМЕЙ Қ.
2023 Ж.

АБАЙ
ОБЛЫСЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫ ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІН
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
CENTRE FOR RESEARCHING
RELIGIOUS ISSUES

Мемлекет
және дін

Назар аудар!
Әркім білуі тиіс
ақпарат!



Зайырлы мемлекет -

төмендегі қағидаларды қамтитын мемлекеттің конституциялық сипаттамасы:

 **Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді;**

Діни қағидалар мен заңдылықтарды мемлекеттік органдарға ықпал етуші қайнар көз деп санамайды;



Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, мемлекет діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;



Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады, сондай-ақ барлық азаматтарға бірдей үкімі жүретін діни соттары жоқ.



Білген абзал!

мемлекет және дін

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заң 1-бөлім. 3-бап.

1. Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.
2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең.
3. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.
4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.
5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.
6. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.




ҚАЙДА? рұқсат етілген

ДІНИ ЖОРАЛАР МЕН
РӘСІМДЕР
ҚҰЛШЫЛЫҚ ЕТУ
ЖИЫНДАРЫ

діни жоралар
мен рәсімдер

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заң 3-бөлім. 7-бап.



Құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта



Құлшылық ету орындарында



Діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында



Зираттар мен крематорийлерде



Жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда, тұрғын жайларда, қажет болған кезде қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі



CIPR_ABAI_OBLYSY



RELIGION_ABAI



CIPR_ABAI



CIPR_SEMEY@MAIL.RU



8 (705) 500 49 19